# ТАҚЫРЫП 9. Мемлекеттік басқару үрдісінде мемлекет пен қоғамның өзара әрекеттесуі

## Дәріс жоспары (1 сағат):

1. Мемлекеттің негізгі сипаттамалары. Мемлекеттің қоғамдық функциялары және мемлекеттік басқарудың түрлері
2. Әкімшілік-мемлекеттік мекемелердегі бюрократия мен бюрократияшылдық
3. Мемлекеттік-әкімшілік аядағы шиеленістер (конфликтілер)

# Сұрақ 1. Мемлекеттің негізгі сипаттамалары. Мемлекеттің қоғамдық функциялары және мемлекеттік басқарудың түрлері

- **Мемлекет** – кластық қоғамдағы саяси биліктің басты құралы.
- **Мемлекет** - нақты қоғамның саяси жүйесіндегі орталық билік институтын білдіретін қоғамдық дамудың белгілі кезеңінде қалыптасқан айрықша саяси құрылым.
- **Мемлекет** – саяси ұйымдасқан демократиялық қоғамдағы билік жүйесі.
- **Мемлекет** – қоғамның егеменді саяси-территориялық ұйымдасуы, ол бұқаралық билікпен, арнайы аппараттың болуымен сипатталады.



**Мемлекеттің (тарихи) негізгі әлеуметтік-кластық типтері:**
Құлиеленушілік
Феодалды
Буржуазиялық
Пролетариаттың үстемдік етуі

# ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАР:
# 1. Социализм. Мемлекеттік социализм

- **Социализм** (франц. socialisme, лат. socialis - қоғамдық) - әлеуметтік әділдік, еркін және теңдік қағидалары үстемдік ететін қоғамдық құрылым.
- М.Туган-Барановский "**социализм**" терминін шаруашылық ету құрылымының идеалы ретінде шектелмеген жеке кәсіпкерлікті қолдаған мектепке қайшы әлеуметтік модель ретінде қарастырған.
- **Социализм** жеке-даралыққа қайшы құрылым.

- **Мемлекеттік социализм** – мемлекеттің экономика және әлеуметтік қатынастарға араласуы.
- **Мемлекеттік социализм** – капиталистік елдерде – әлеуметтік теңсіздікті азайтуға бағытталған реформаларды жүргізу мақсатында мемлекеттің экономикалық өмірге араласу саясаты.

# ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАР:
## 2. Коммунизм. Коммунистік мемлекеттер

- **Коммунизм** (лат. *commūnis* «жалпы») - әлеуметтік теңдік, қоғамдық меншікке негізделген теориялық қоғамдық және экономикалық құрылым.
- Марксизмнің негізін қалаушылардың пікірлеріне сәйкес, **коммунизм** – бұл жоғары дамыған өндіргіш күштердің болуы, қоғамды әлеуметтік класс, мемлекет және ақшаға бөлудің болмауы; өндіріс құралдарына жеке меншіктің болмауы.
- **Коммунизм қағидасы**: «Әркім өзінің қабілеттіліктері бойынша, әркімнің қажеттіліктері бойынша!».

- **Коммунистік мемлекет (жұмысшылар мемлекеті)** – басқару пролетариатты білдіретін бір партия қолында шоғырланып, коммунизмге қол жеткізу мақсаты көзделетін мемлекет.
- Аталмыш елдерде құрылады: кәсіподақтар, зауыт комитеттері, тікелей демократия.
- Батыс елдері өздерін социализмнен коммунизмге көшуге ұмтылатын социалистік мемлекет ретінде немесе жұмысшылар мемлекеті ретінде сипаттайды

# ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАР:
## 3. Капитализм. Мемлекеттік капитализм

- **Капитализм** - жеке меншік, кәсіпкерліктің құқықтық теңдігі мен еркіндігіне негізделген өндіру мен бөлудің экономикалық жүйесі.
- Экономикалық шешім қабылдаудағы басты критерий – капиталды арттыру және пайда алуға ұмтылу.

- **Мемлекеттік капитализм –** мемлекет және жеке капиталистік меншік арасындағы қатынастар жүйесі.
- Оның мәні: қоғамда үстемдік етуші класс қызығушылығында жүзеге асырылатын экономикаға мемлекеттің араласуы.
- **Мемлекеттік капитализм –** еркін сауда элементтері мен капитализм орын алатын жүйе.

Кесте 1 – “Мемлекет” мәніне қатысты экономистердің көзқарастары

| Авторлар | Мәні |
|---|---|
| **В.И.Ленин** | государство - машина для угнетении одного класса другим, машина, чтобы держать в повиновении одному классу прочие, подчиненные классы |
| **К.Маркс** | государство - правительственную машину или государство, поскольку оно в силу разделения труда образует свой собственный, обособленный от общества организм |
| | |
| | |
| | |

# Кесте 2 – Мемлекеттің сипаттамалары

| Мемлекет сипаттамасы | Мәні |
| --- | --- |
| **Мемлекет саяси ұйым ретінде** | Жалпы қоғамға, жекелеген әлеуметтік топтар мен жеке тұлғаларға шешуші ықпал етеді. Оған мемлекетте мемлекеттік режимді құрайтын биліктік ықпал ету құралдарының болуының нәтижесінде қол жеткізуге болады |
| **Мемлекет құрылымдық ұйым ретінде** | Құрылған, ұйымдасқан, халыққа ықпал ету құралдарына ие, легитимді күштеу монополиясына ие бұқаралық билік институттары мен органдарының жүйесін білдіреді. Ол басқару формасына байланысты жүзеге асырылады |
| **Мемлекет территориялық ұйым ретінде** | Адамдарды тұрғылықты жері бойынша біріктіреді. Мемлекеттік билік халық және ол тұратын территорияға таралады. Территорияны басқару оны әкімшілік-территориялық бірліктер, автономиялық саяси құрылғыға, мемлекеттік құрылымға жіктеу арқылы жүзеге асырылады. Саяси биліктің территориялық ұйымдасуын «мемлекеттік құрылым формасы» түсінігі ашады. |

# МЕМЛЕКЕТ....

**<u>Саяси институт ретінде </u>**келесі белгілерге ие:

- Бұқаралық биліктің болуы;
- Халықтан салық жинау;
- Территорияның болуы (мемлекет өкілеттігі жүзеге асырылатын);
- Әрекет етуші билікті, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін бекітетін құқық нормаларының болуы;
- Мемлекеттік егемендік.

**<u>Әлеуметтік институт ретінде</u>** келесі функцияларды атқарады:

- қорғаныс;
- интеграциялық;
- экономикалық;
- Әлеуметтік бақылау және т.б.

**Мемлекет функциялары** – бұл қоғамдық істерді мемлекеттік басқару мәнін сипаттайтын мемлекет іс-әрекетінің негізгі бағыттары

- **Мемлекеттің ішкі функциялары -** бұл қоғамның ішкі өмірін басқару бойынша мемлекет іс-әрекетінің негізгі бағыттары
- **Мемлекеттің сыртқы функциялары** – бұл халықаралық сахнадағы мемлекет іс-әрекетінің негізгі бағыттары

Кесте 3 – Мемлекет функцияларының жіктелуі (сыртқы және ішкі)

| **Ішкі функциялар** | | **Сыртқы функциялар** | |
|---|---|---|---|
| **1. Экономикалық функция** | Салықтарды орнату, несие беру, инвестициялар, жеңілдіктерді арнықтау, әлеуметтік инфрақұрылым | **1. Қорғаныс функциясы** | Мемлекеттер арасында жанжалды шешу, олардың әскери қақтығысының алдын алу |
| **2. Саяси функция** | жалпы халық билігін білдіретін парламенті құру процесі, конституциялық құрылымды қорғау, мемлекеттік егемендікті сақтау | **2. Дипломатиялық функция** | Идеология, шаруашылық жүйесінен тәуелсіз барлық елдермен жағымды қатынасты сақтау |
| **3. Әлеуметтік функция** | Минималды еңбекақыны, зейнетақы, жәрдемақы, шәкіртақыны орнату | **3. Сыртқы саяси функция** | Ғаламдық қарулы жанжалдың алдын алу үшін мемлекеттердың саяси ынтымақтастығы (БҰҰ) |
| **4. Құқық қорғау функциясы** | Құқық шығармашылық әдісі (заң өңдеу және қабылдау), құқық қолдану әдісі (құқықтық жауапкершілікті қолдану), ұйымдық-құқықтық (баға белгілеуді реттеу, ереуілдерді реттеу) | **4. Сыртқыэкономикалық функция** | Бір бірімен территориялық байланысқан елдердің ынтымақтастығы (ЕАЭС, ТМД) |
| **5. Экологиялық функция** | Кең табиғат қорғау заңнамасы | **5. Мәдени ынтымақтастық** | ЮНЕСКО |

## Саяси ұйым ретінде мемлекеттің табиғаты **азаматтық қоғаммен** салыстыру барасында айрықша байқалады

- **Азаматтық қоғам** - бұл мемлекеттік билік пен бизнестің тікелей араласуынан алшақтатылған азаматтардың, еркін құрылған коммерциялық емес ұйымдар мен бірлестіктердің әрекет ету саласы

- **Азаматтық қоғам** - бұл адам құқықтарын сақтау кепілінің бірі;
- Дамыған азаматтық қоғам – <u>құқықтық мемлекетті</u> қалыптастырудың алғышарты.

# Кесте 4 – Мемлекеттік басқарудың түрлері

| **Жіктелу сипаты** | **Мемлекеттік басқару түрлері** |
|---|---|
| Орталық (орталық билік органдары) пен өңірлердің (жергілікті билік органдары) өзара қатынастар сипаты бойынша | **Субординациялық** – ол негізделеді: периферияның орталыққа бағынуы; төменгі басқару органдарына ықпал ету; жоғарғы органдардың бұйрықтарын орындатуға мәжбүрлеу (унитарлы мемлекеттерге тән); **Координациялық** – федерация немесе конфедерация формасында жүзеге асырылады. Онда бірегей орталық билік органдарымен қатар толық немесе жартылай дербестікке ие перифериялық органдар орын алады. |
| Меншік формасын пайдалану критерийі бойынша | федералды, өңірлік (субъектілі-федералды), муниципалды және жеке **(корпоративтік) басқару** |
| Басқарылатын объектіге ықпал ету формасы бойынша | **Салалық (функционалды) басқару** – орталықтан төменге бағыну вертикалінің болуы. Ол салалық министрліктер арқылы жүзеге асады; **Территориялық басқару** – өндірісті тиімді орналастыру, өңірлердің мамандануы мен кешенді дамуын тереңдетуге, олардың экономикалық және әлеуметтік даму деңгейін тереңдетуге бағытталған. Ол федералды, өңірлік және жергілікті билік органдары арасындағы өкілеттіктер көлемінің бөлінуімен қамтамасыз етіледі |
| Уақыттық шеңберлер ауқымына байланысты | Стратегиялық, тактикалық, оперативті |

# **Мемлекеттік ықпал ету әдістерін қолдану тәсілдері** жіктеледі:

- *Әкімшілік ықпал ету* – бағыныштыларға рұқсат, тыйым, тәртіптік санкция көмегімен директивті мәжбүрлеу арқылы **тікелей** ықпал ету

- *Экономикалық басқару* - шарушылық заңнама, қаржы, ақша, несиелік мемлекеттік саясат арқылы объектке **жанама** ықпал ету.
- Мұнда тікелей директивті мәжбүрлеу жоқ;
- Алайда заңнамаға қайшы келген жағдайда экономикалық санкциялар қолданылады (мысалы, салық төлемегені үшін айыппұл).

Кесте 5 – Мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара әрекеттестігінің 3 типі (А.И.Соловьев бойынша)

| | |
|---|---|
| **Бағыныш тылар** | •Мемлекеттің саяси институт ретіндегі үстемдігімен сипатталады;<br>•Қоғам азаматтардың бірлестігі ретінде емес, бағыныштылар жиыны ретінде қарастырылды;<br>•Халықтың өз бетінше әрекет етуін билік органдары мемлекеттік құрылымға қол сұғушылық ретінде қарастырды;<br>•Мемлекет азаматтық қоғамға ықпал етіп, оны бақылау саласын кеңейтуге ұмтылады;<br>•Бұл авторитарлы мемлекеттік басқару типіне тән. |
| **Бәсекелестер** | •Мемлекет және азаматтық қоғам әрекеттесе отырып лидерлікке ұмтылады;<br>•Бәсекелік күресте екі тарап та заңнаманы бұзуы да мүмкін. |
| **Одақтастар** | •Постиндустриалды даму кезеңінде азаматтық қоғаммен өзара әрекеттесу барысында мемлекет қызмет көрсететін әкімшілік құрылым ретінде, ал азаматтық қоғам қызмет алатын клиент ретінде қарастырылады;<br>•Бұл мемлекеттік басқарудың маркетингтік моделі мемлекет және қоғам арасындағы әріптестік қатынастардың қалыптасуымен сипатталады |

# Тарихи типология тұрғысынан мемлекеттік басқарудың **дәстүрлі** және **рационалды (тиімді) модельдері** болады:

**Дәстүрлі модельдің сипатты белгілері**:

1) Тарихи қалыптасқан басқару тәртібі және басқару аппаратындағы функциялардың бөлінуі;
2) Лауазымдар мен мекемелер иерархиясының аралас сипаты мен бөлінбеуі;
3) Кәсіби бюрократияның болмауы;
4) Дәстүрлі биліктің діни ағартылуы;
5) Шенеуніктер міндеттерінің нақты реттелуі мен кеңсе еңбегі мамандануының болмауы

**Рационалды модельдің белгілері**:

1) Мемлекеттік басқару жүйесінің рационалдануы;
2) Құқықтық нормалар, нұсқамалар мен әкімшілік ережелердің нақты жүйесі;
3) Басқару деңгейлерінің формалды иерархиясы;
4) Әкімшілік аппараттың функционалды жіктелуінің жоғары дәрежесі, басқарудың функционалды моделі;
5) Бюрократияның түрлі топтарының мәртебесін, материалды жағдайы мен қызмет бабы бойынша алға жылжуын реттейтін қағидалардың болуы;
6) Шенеуніктердің ерекше табы ретіндегі кәсіби бюрократияның қалыптасуы;
7) Шенеуніктер міндеттерінің нақты реттелуі және кеңсе еңбегінің мамандануы.

# Сұрақ 2. Әкімшілік-мемлекеттік мекемелердегі бюрократия мен бюрократияшылдық

- ***Бюрократия*** (фр. bureau — бюро, кеңсе және грекше κράτος — үстемдк ету, билік) – барлық істер нұсқама бойынша әрекет ететін орталық билік органдарының қолында болатын елдердегі мемлекеттік басқару қабылдайтын бағыт.
- Мемлекеттік басқару теориясында «**бюрократия**» термині қабылданатын шешімдердің атқарылуын қамтамасыз ететін әкімшілік және техникалық аспектілерді белгілеу үшін қолданылады.

# Бюрократияның **жағымсыз** және **жағымды** жақтары

- Бюрократия демократиялық саяси құрылымға, оған басшылық ететін саяси қайраткерлерге қауіп төндіреді;
- бесчеловечность и игнорирование человеческой природы;
- несовместимость с развитой деятельной личностью;
- приспособленчество;
- игнорирование неформальной организации и межличностных отношений;
- преувеличением значимости, стандартизированных правил, процедур и норм

- Ірі әрі тәуелсіз бюрократия саяси жемқорлықтың алдын алу және демократиялық процедураларды сақтау үшін қажет;
- иерархическая цепочка команд, которая привносит простой и масштабный порядок в организацию,
- специализация и организация на основе должностных обязанностей, дающие возможность добиться эффективности за счет разделения труда и сосредоточения интеллекта в центре организации,
- единые правила для всех, создающие ощущение справедливости,
- стандартные процедуры, обеспечивающие жесткую организационную связь, позволяющие преодолеть устаревшие методы работы,
- карьера в результате продвижения по служебной лестнице, обеспечивающая преемственность управленцев и профессионалов,
- безличностные отношения, снижающие роль семейственности в организации и позволяющие ввести твердую дисциплину,
- координация сверху, дающая возможность регулирования неквалифицированной рабочей силы, снижающая текучесть кадров

Кесте 6 – Бюрократияны анықтауға қатысты тәсілдемелер

| |
|---|
| 1) Биліктің әрекет ету формасы және сипаты |
| 2) Мемлекеттік сектор мен жеке меншік секторда басқару тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін күрделі, иерархиялық құрылған ұйым құрылымы |
| 3) Үкіметтің саяси немесе сайлаулы құрылымына енбейтін және мемлекеттік машинаны күнделікті басқаратын үкіметтің бөлігі |
| 4) Мемлекеттік шенеуніктер іс-қимылын жағымсыз бағалау, басқару аппаратының қағазбастылығы және тиімсіздігімен байланысты әлеуметтік ауру |

Кесте 7 – М.Вебер бойынша бюрократияның белгілері

| | |
|---|---|
| **Мамандану және еңбек бөлінісі** | Әр қызметші өзгелердің өкілеттіктерін қайталамайтын міндеттерді атқарады |
| **Вертикалды иерархия** | Билік жоғарыдан төменге қарай жүзеге асырылады |
| **Нақты ережелер** | Ұйымның әр мүшесінің іс-әрекеті ережелерге сүйенеді, оның мақсаты басқару процесін тиімді ету. Ережелер ұзақ уақыт бойы тұрақты болуы тиіс |
| **Өзара қатынастардың тұлғасыздығы** | Идеалды бюрократияда жеке ұнату, сезім, қалау есепке алынбайды. Жаңадан қабылданатын қызметшілер жеке таныстық немесе өзге де факторлардан тәуелсіз объективті критерийлерге сәйкес жүзеге асырылады. |

# БЮРОКРАТИЯ ЖӘНЕ БЮРОКРАТИЯШЫЛДЫҚ

**Бюрократия:**

- бұл билік формасы, қоғамның қызмет ету тетігіндегі маңызды элемент;
- бұл қоғамдық саясатты тиімді, білікті орындау үшін мемлекеттік қызметшілердің ұйымдасуы;
- бұл азаматтық қоғамның дамымауы есебінен билік жоғарғы билікке тиесілі болатын мемлекеттік басқару жүйесі.

**Бюрократизм (бюрократияшылдық):**

- бұл бюрократияның жекелеген көрінісі;
- бұл басқару құрылымдары мен халық арасында қалыптасатын қоғамдық қатынас.
- Бюрократияшылдық басқару ұйымдарында келесідей аспеткілерді көрініс табады:

1. жемқорлық,
2. қазынаны тонау,
3. кеңсе үстемдігі,
4. волокита,
5. протекционизм,
6. хаттарды бағыттау,

# БЮРОКРАТИЯ ЖӘНЕ БЮРОКРАТИЯШЫЛДЫҚТЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

**Бюрократия келесідей сипатталады**:

– *ұйым ретінде* – бұл әкімшілік процедуралар әрекет ететін саяси немесе өзге ұйымның айрықша формасы.

– *әлеуметтік топ ретінде* – бұл мемлекеттік басқару саласында әрекет етіп, ол үшін еңбекақы алатын тұлғалардың кәсіптік қауымдастығы.

**Бюрократизм білдіреді**:

– *саяси мағынада* – мемлекеттің әкімшілік аппаратын биліктің сайлаулы органдарының бақылауынан босату;

– *әлеуметтік мағынада* – корпоративтік қызығушылықтары кәсіпби міндеттерінің шеңберінен тыс шығатын шенеуніктер тобының кеңеюі;

– *ұйымдық мағынада* – ресми ережелердің болуы, аппарат көлемінің артуы, қайтымдылықтың артуынсыз жұмысшылар жалақсының артуы.

# Бюрократизм <u>сипаттамасына</u> қатысты тәсілдемелер

1. Бұл - сананың **деформациялануы -** басқару аппаратында жұмыс істеу ықпалымен туындайды;
2. Бұл – бюрократиялық көріністерді төменгі буынға тарату;
3. Бұл – кеңсе үстемдігі, формальдылық, қағазбастылық, жиналыстардың басымдығы, іспен салыстырғанда нұсқаманың басым болуы.

# Кесте 8 – Бюрократия терминінің туындауы

| | |
|---|---|
| **Конфуций** | Көне Қытайдағы күрделі бюрократиялық жүйені қалыптастырды. |
| **Винсент де Гурне** | •Алғаш рет аталмыш термин 1745 жылы пайда болды;<br>• ол бюрократ-шенеуніктер монархтан немесе халықтан нақты билікті тартып алады дегенді білдірді |
| **М.Вебер** | • бұл – әр элемент тиімді әрекет ететін мекеменің тиімді жұмысы;<br>•шенеуніктердің нашар жұмысы (қағазбастылық) бюрократия емес, бюрократияшылдықты білдірді |
| **К. А. Сен-Симон, М. Вебер,<br>Р. Мертон,<br>Р. Бендикс,<br>Ф. Селзник,<br>А. Гоулднер,<br>М. Крозье, С.Липсет** | Олар бюрократиялық ұйымның функциялары мен ішкі құрылымын талдап, бюрократияшылдық процесін қоғамға іштей тән «рационалдылықпен» сипатталып, оның дамуының заманауи ғылыми-техникалық деңгейіне тән құбылыс ретінде қарастырды |
| **К.Маркс** | Бұл – мемлекеттің еркі, мемлекеттің санасы, мемлекеттің қуаттылығы |
| **Т.Парсонс** | Бюрократиялық ұйымның дамуы әр кәсіптік рольге белгілі лауазымның сәйкестігін, әр лауазымды тұлғаның жалдау шартына отыру жағдайында тағайындалуын талап етеді |

# Бюрократия модельдері

- **Вебер-Вильсон бюрократиясының тұжырымдамасы**

- Рационалды бюрократия;
- компетенция каждого бюрократического уровня четко регламентирована, т.е. зафиксирована нормативно;
- иерархическая организация бюрократической структуры основана на базе твердо установленных принципов должностной субординации;
- вся формальная внутриорганизационная деятельность (распространение информации, принятие решений, подготовка приказов и директив и т.п.) осуществляется в форме письменных документов, подлежащих последующему хранению;
- все должностные лица должны быть хорошими специалистами в области администрирования, т.е. быть компетентными не только в сфере своих профессиональных должностных обязанностей (например, в качестве юриста, экономиста, инженера, военного и т.п.), но также и в области норм, правил и процедур деятельности бюрократической организации в целом

# Бюрократия модельдері

- **Империялық (азиялық) модель**

- Қытайлық модель;
- отсутствие у чиновников узкой специализации, делавшее возможным их безболезненную взаимозаменяемость подобно однородным частям механизма;
- постоянный избыток кандидатов на должности, преследовавший ту же цель (сдача экзаменов отнюдь не гарантировала получение должности, а лишь позволяла войти в число претендентов на нее, само же ожидание могло длиться неограниченно долго, но могло быть сокращено взяткой, что тоже, впрочем, не давало гарантий успеха);
- крайнюю ограниченность перспектив служебной карьеры (чиновник часто оставался в одной и той же должности весь срок своей службы, нередко составлявший лишь несколько лет), а это лишало смысла создание столь обычной в других бюрократических системах лестницы личных связей;
- личную зависимость всех чиновников от императора;
- жесткие меры против неформальных связей в среде чиновников, чтобы предотвратить возникновение в их среде устойчивых коалиций;
- финансовую зависимость чиновника не от императорского жалованья (обычно довольно небольшого и далеко не покрывавшего расходы, связанные с получением должности). Его благополучие зависело от умения выжать из императорских подданных максимум доходов, в том числе и в свою личную пользу;
- отсутствие у чиновников каких-либо личных либо корпоративных гарантий от произвольных увольнений, понижений в должности и перемещений.

# Бюрократия модельдері

- **Ресейлік модель**

- сочетание византийского и татарского вариантов, причем последний в свою очередь использовал в огрубленном виде элементы китайского образца (в частности, в сборе налогов);
- С XIX века, а особенно со второй его половины — со времени реформ Александра II, начали развиваться и элементы модели рациональной бюрократии;
- **Бюрократия** (бюрократизм как производное явление) представляет собой такую форму осуществления власти (прежде всего государственной), при которой имеет место подмена общей воли организации (общества, граждан) волей группы лиц;
- Формализм, чинопочитание, многописание и т.п. — есть не что иное, как атрибутика бюрократизма, его оформление, сокрытие за «внешним» сути «внутреннего» — использование власти ради личной корысти.

# Сұрақ 3. Мемлекеттік-әкімшілік аядағы шиеленістер (конфликтілер)

- **Шиеленістер** – әлеуметтік топтар мен қоғамның, мүдделер, қажеттіліктер, ынталардың сәйкес келмеуінен әлеуметтік топ ішіндегі тұлғалардың өзара қатынасы арқылы көрініс табатын нақты қоғамдық байланыстар формасы

- С.И. Ожегов сөздігінде «**конфликт**» термині «қақтығысу, келіспеу» ретінде түсіндіріледі.
- Ғылыми әдебиетте: «**конфликт**» – құндылықтар үшін күрес, белгілі мәртебеге наразылық тудыру және т.б.

# Мемлекеттік-әкімшілік аядағы шиеленістер

- **Мемлекеттік-әкімшілік аядағы шиеленіс** – институттар, ұйымдар, әлеуметтік топтар мен жеке тұлғалардың өзара әрекеттесуінің айрықша формасы;
- **Шиеленіс** – мемлекеттік жүйеде билікті жүзеге асырып, онда түрлі бағдарға ие болатын мемлекеттік-саяси институттар, ұйымдар мен тұлғалардың өзара әрекеттестік формасы

- **Мемлекеттік басқару саласындағы шиеленіс объектісі** – билікке ие болу

## Кесте 9 - Мемлекеттік-әкімшілік аядағы шиеленістердің туындау көздері

| № | Туындау көздерінің мәні |
|---|---|
| 1 | Басқаратын және басқарылатын билік арасында қайшылық тудырып, билікті бөлу теңсізлігін тудыратын басқару мәртебелері мен рольдері құрылымының иерархиялылығы |
| 2 | Билік құрылымының нақты ұйымдастырылмауы, түрлі мемлекеттік органдар мен қызметшілер өкілеттігнінің нақты бөлінбеуі, кадрларды ротациялау жүйесінің болмауы |
| 3 | Негізгі құндылықтарды анықтау, ағымдағы жағдайды бағалауда мемлекеттік қызметшілер көзқарастарының айрықшалануы |
| 4 | Басқару коммуникациясының технологиясы, яғни ақпараттық жетіспеуі, оның қате болуы |

## Кесте 10 – Шиеленістердің жіктелуі

| Шиеленістер деңгейі | Шиеленістердің жіктелуі | Туындау себептері |
|---|---|---|
| **1) Мемлекет деңгейіндегі шиеленістер** | Мемлекет және қоғам арасындағы шиеленістер (легитимділік мәселесі) | Билік беделі мен мәртебесінің болмауы, қоғамдық сенімнің болмауы (ереуілдер және т.б.) |
| | Мемлекет және жекелеген қоғамдық институттар арасындағы шиеленістер | |
| | Мемлекет пен тұлға арасындағы шиеленістер (адам құқықтарын сақтау мәселесі) | |
| **2) Мемлекеттік-әкімшілік ұйымдары деңгейіндегі шиеленістер** | Түрлі билік буындары арасындағы шиеленістер (заң шығару, атқару, сот билігі) | Өтпелі кезеңде жиі байқалады – мемлекеттік басқару органдары өзінің міндеттерінен ауытқып, мақсатқа жетудің саяси әдістеріне көшу жағдайы. Мем.органдардың өз міндеттерін орындамауы немесе тиесілі орындамауы, нақты құқықтық нормалар мен стандарттардың болмауы, жемқорлық, белгілі қызметтер нарығындағы монополизм |
| | Заң шығару, атқарушы және сот билігі құрылымдары арасындағы шиеленістер | |
| | Мемлекет және саяси жүйенің жекелеген институттары арасындағы шиеленістер (мысалы, мемлекет пен саяси партия арасында) | |
| | Мемлекеттік-әкімшілік құрылымдар мен мемлекеттік ұйымдар, жеке меншік ұйымдар арасындағы шиеленістер | |
| | Орталық және жергілікті басқару органдары арасындағы шиеленістер | |
| **3) Нақты мемлекеттік орган деңгейіндегі шиеленістер** | Мемлекеттік орган бөлімшелері арасындағы шиеленістер | Сәтсіз жоспарлау, ұйымдастыру қағидасының бұзылуы, кадрларды орналастырудағы қателіктер. Мотивация қағидаларының бұзылуы, құндылықтардағы айырмашылықтар. |
| | Функционалды және тұлғалық шиеленістер | |

## Шиеленістердің көрініс табу және шешілуінің <u>еларалық айырмашылығы</u>

**<u>АҚШ</u>**

Мемлекет және билік буындары өзге елдермен салыстырғанда ұлттық ресурстардың аз көлеміне ие болды.

Бұл <u>американдықтардың шиеленістерді</u> мемлекеттік басқару саласында күштеу формаларына жүгінбей, **соттық талқылау арқылы** шешуге жол ашты.

# **Шиеленістердің көрініс табу және шешілуінің <u>еларалық айырмашылығы</u>**

**<u>Ресей</u>**

Көп жылдық абсолютті-бюрократиялық басқару жүйесімен мемлекет азаматтық қоғамның дамуына жол бермеді.

Ресейде наразылықты білдірудің заңды арналары әлсіз, ресми рәсімделген институттар мен әлеуметтік шиеленісті басқару тетігінің беделі жоғары емес.

<u>Сондықтан шиеленістің негізгі формалары ретінде қолданылды</u>: **көтеріліс, революция, азаматтық соғыс** және т.б.